

Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12597 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.12.2021 № 464 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.08.2020 № 345 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 16-бабының 26) және 27) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.08.2020 № 345 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 464 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 944 бұйрығына 1-қосымша

Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормалары

1-бөлім. Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі

1.1-кіші бөлім. Өндірістер мен жұмыстардың түрлері

1. Атом электр станциялары
2. Геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық жұмыстар
3. Көмір және тау-кен шикізатын өндіру және байыту
4. Құрылыс және кенсіз материалдарды өндіру және байыту
5. Мұнай және газ өндіру және қайта өңдеу
6. Коксхимия өндірісі
7. Ағаш дайындау жұмыстары, ағаш ағызу және ағаштан шырын алу
8. Ағаш химиялық өндіріс
9. Металлургия өндірісі (қара және түсті металлургия)
10. Металл өңдеу, оның ішінде: дәнекерлеу, ұста-пресс және термиялық жұмыстары, металл жалату және сырлау, қаңылтыр банкі және құбыр өндірісі
11. Химиялық мұнай өндірісі
12. Химиялық шикізатты байыту, агломераттау, брикеттеу
13. Тастан жасалған бұйымдар және тасты өңдеу өндірісі

14. Бактериялық және вирустық препараттарды өндіру ұйымдары
15. Асбест өндірісі
16. Асбест цемент бұйымдарының өндірісі
17. Еріткіштер өндірісі
18. Цемент өндірісі
19. Темір-бетон және бетон бұйымдары мен конструкциялар өндірісі
20. Отқа төтеп беретін заттардың өндірісі
21. Қабырғалық және тұтқыр материалдар өндірісі
22. Жылу оқшаулау материалдарының өндірісі
23. Асфальт мастикасы мен плитканың өндірісі
24. Жұмсақ шатыр және гидрооқшаулау материалдарының өндірісі
25. Целлюлоза, қағаз, картон және олардан жасалатын бұйымдар өндірісі
26. Порнографиялық материалдар немесе заттар, баспа өнімдері, кино- немесе бейне материалдар, көріністер немесе порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзге де заттар өндірісі
27. Ауыл шаруашылығы өндірісі
28. Шахталарды, разрездерді, метрополитендер мен тоннельдерді салу
29. Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары
30. Тамақ өнеркәсібі, оның ішінде: шарап, спирт, ликер-арақ өнімдері, сыра және алкогольсіз сусындар өндірісі, темекі және ферментация өндірісі, ас тұзын өндіру
31. Жылу желілері
32. Көлік, оның ішінде: темір жол көлігі мен метрополитен, теңіз флоты, өзен флоты, азаматтық авиация, автомобиль және қалалық электр көлігі
33. Электр энергетикасы (энергетикалық шаруашылық)
34. Химия өндірісі
35. Фармацевтикалық өндіріс

1.2-кіші бөлім. Жалпы кәсіптер мен жұмыстардың түрлері

36. Автоклавшы
37. Аккумуляторларды зарядтаумен және жөндеумен айналысатын аккумуляторшы
38. Антикоррозияшы
39. Химиялық ерітінділерді дайындайтын аппаратшы
40. Хлорлау аппаратшысы
41. Бункерші
42. Битум қайнатушы
43. Сүңгуір
44. Автомобиль жүргізуші
45. Газшы
46. Газ генераторшысы

- 47. Газ құтқарушысы
- 48. Ацетилен қондырғысының генераторшысы
- 49. Металл бұйымдарының гумершісі
- 50. Дегазаторшы
- 51. Рентген-гамма-глафирлеу дефектоскописті
- 52. Өлшеуші
- 53. Жанар және жағар майларды құюшы
- 54. От сөндіргіштерге заряд беруші
- 55. Баллондарды сынаушы

56. Технологиялық пештердің және өндіріс пештерінің қазандары мен пештеріне қызмет көрсетумен айналысатын, қолмен тиеп құрғақ отынмен жұмыс істейтін от жағушы, кочегар

57. Өндіріс пештері мен қазандарын ыстықтай жөндеумен айналысатын өнеркәсіп пештерінің, қазандарының және агрегаттарының тас қалаушы-пешшісі

58. Адам ағзасына күшті әсер ететін заттарды тексеру, зерттеу және сынаумен айналысатын химиялық анализ лаборанты

- 59. Пластмасса құюшы
- 60. Вагонды төңкеру машинисті
- 61. Вагонды итеру машинисті
- 62. Вентиляциялық және аспирациялық қондырғылардың машинисті
- 63. Ауа бөлуші қондырғылардың машинисті
- 64. Газ үрлеу машинисті
- 65. Газ генератор станциясының машинисті
- 66. Іштен жану қозғалтқышының машинисті
- 67. Түтін сорғыштың машинисті
- 68. Компрессор қондырғыларының машинисті
- 69. Кран машинисті (краншы)
- 70. Көтергіш машинисті
- 71. Скрепер машинисті (скреперші)
- 72. Тоңазытқыш қондырғыларының машинисті
- 73. Экскаватор машинисті

74. Улы заттармен, кәріз сұйықтарымен ластанған киімдерді жөндеумен, тазалаумен және жуумен айналысатын арнайы киім жуу, сондай-ақ арнайы кір жуумен айналысатын машинист

75. Мұнай өнімдері мен химикаттардан босаған ыдыстарды жуумен; этильденген бензинмен жұмыс істейтін бөлшектерді, тораптар мен моторларды жуумен; ассенизациялық машиналарды жуумен; сондай-ақ ыдыс-аяқты дезинфекциялаумен айналысатын жуушы

76. Жоғары вольтті электр қозғалтқыштарына қызмет көрсетумен айналысатын электр қозғалтқыштар моторшысы

77. Баллондарға сығымдалған газ және сұйық хлор толтырумен айналысатын баллон толтырушы

78. Су құбыры-кәріз жүйесінің жерасты камералары мен тоннельдеріне қызмет көрсетумен айналысатын қараушы

79. Пештерді, қазандықтарды, ожауларды және басқа да жабдықтарды жөндеумен айналысатын отқа төтеп беруші

80. Сынап дәнекерін әзірлеумен және оны дәнекерлеумен айналысатын дәнекерлеуші

81. Ыстық металды таратып құю және илектеумен айналысатын; қорғасынды, бериллийді және олардың қорытпаларын балқыту және өңдеу, сондай-ақ зияндылығы I, II, III сыныпты химиялық заттар ашық түрде қолданылатын учаскелерде; зиянды және улы жүктерді өңдеу кезінде көліктің барлық түрлерімен тікелей жұмыс істейтін көмекші жұмысшы

82. Престеуші

83. Пластмасса бұйымдарын престеуші

84. Баллон қабылдап алушы

85. Қызметкерлер:

1) шарап, спирт, ликер-арақ өнімдерін және сыра сатумен, сақтаумен айналысатын

2) қопарылғыш зиянды заттарды әзірлеумен, сақтаумен, тасымалдаумен және пайдаланумен байланысты өндірістер мен жұмыстарда істейтін

3) ашық сынапты қолданумен байланысты барлық жұмыс түрлерімен айналысатын

4) пневматикалық құралдар қолданылатын барлық жұмыстармен айналысатын

5) сүңгуір (водолаз) және су асты жұмыстарына қызмет көрсетумен айналысатын

6) қару-жарақты ату және атып көрумен айналысатын

7) улы химикаттарды тасымалдаумен, әзірлеумен және қолданумен байланысты жұмыстармен айналысатын

8) тазалау және жуынды-шайынды шұңқырларынан қоқыстарды қолмен шығарумен; өнеркәсіптік кәріз жүйесі мен ұстағыштарды тазалаумен айналысатын

9) этиль сұйығы қолданылатын жұмыстармен айналысатын

10) жанар-жағар және қопарылғыш материалдар, улы заттар, қышқылдар мен сілтілер, хлор және хлорлы әк сақталатын арнаулы қоймаларға қызмет көрсетумен айналысатын

11) биіктікте жұмыс істейтін жұмысшылар

12) бокстарда, инсектарийлерде, виварийлерде тікелей жұмыс істейтін

13) локомотивтерді және моторлы вагон поездарын зауыттық жүру сынағымен тікелей айналысатын

- 14) ыстық плита, кондитер пештері және электрқуыру шкафтарының тікелей жанында жұмыс істейтін
- 15) моншаларға (сауналарға) қызмет көрсету жөніндегі жұмысшылар
- 16) жерлеу қызметінің жұмысшылары (моргтерде, крематорийлерде, зираттарда)
- 17) қант қамысы, опий көкнәрі, темекі, мақта плантацияларында жұмыс істейтін
- 18) пестицидтер мен гербицидтер қолданылатын барлық жұмыс түрлерімен айналысатын
- 19) түнгі клубтарда, кабаре, мейрамханаларда жұмыс істейтін
- 20) есірткі және улы препараттарды, алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарын тасымалдаумен, өндірумен және өткізумен айналысатын
- 21) Порнографиялық материалдар немесе заттар, баспа өнімдері, кино-немесе бейне материалдар, көріністер немесе порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзге де заттарды таратумен, жарнамалаумен және сатумен айналысатын
- 22) Басқа да емдеу мекемелеріндегі наркологиялық ауруларды емдеу бөлімшелерін қоса алғанда, психиатриялық ауруханаларда, интернаттарда, диспансерлерде, барлық жұмыс түрлерімен, хоспистердегі жұмыспен айналысатын
- 23) Ауыл шаруашылығында, қорықтарда, хайуанаттар бағы мен цирктерде жабайы және жыртқыш аңдарға, өнім беруші бұқалар мен айғырларға күтім жасайтын
- 24) Асыл тастар мен металдарды өңдеумен, ақша белгілерін және басқа да құнды қағаздарды шығарумен айналысатын
- 25) Авариялық-құтқару қызметтерімен айналысатын
86. Банк құрылымдары мен басқа да қызметтерді қорғау жөніндегі, инкассация қызметі мен оқ ату қаруын алып жүруге рұқсат берілген басқа да қызмет түрлеріндегі қызметкерлер
87. Балалардың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жауаптылықпен байланысты жұмыстарды орындаумен айналысатын қызметкерлер (сәбилер үйлерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, балалар үйлерінің, интернаттардың қызмет көрсетуші персоналы, аттракциондарда қызмет көрсету және басқалары)
88. Пайдаланған майды генераторлаушы
89. Шиналарды монтаждаумен және демонтаждаумен; ассенизациялық жүктерді, шіріген қалдықтар мен улы химикаттарды тасымалдайтын автомобильдерді жөндеумен; этильденген бензинмен жұмыс істейтін автомобильдерді жөндеумен айналысатын автомобильдерді жөндеу жөніндегі слесарь
90. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі
91. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесарі
92. Кәріз желілерінің жұмыстарымен айналысатын слесарь-сантехник
93. Фреонды және аммиакты компрессорлар мен тоңазытқыш қондырғыларын сынаумен және жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші

94. Этильденген бензинмен жұмыс істейтін мотор сынақ станцияларында технологиялық жабдықтарды; жер асты камераларында, тоннельдер мен кеме ішінде; металлургиялық және химиялық өндірістерде, цехтарда және өндіріс учаскелерінде; арнаулы жуу орындарындағы пластмасса бұйымдары өндірісінде; ыстық жұмыс учаскелерінде; кәріз құрылыстарында жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші

95. Ілмектеуші

96. Такелажшы

97. Қазандарды, танктерді, цистерналарды, бөшкелерді, мұнай құю кемелерін және басқа да май, ракс, мұнай өнімдерін және химия өнімдерін құятын ыдыстарды тазалаумен айналысатын жұмысшылар

98. Құбырларды тазалаушы (құбыр тазалаушы)

99. Пештер мен газ қалдықтарын және желдеткіш қондырғыларын тазалаушы

100. Абразивті шеңберлер қолданып, құрғақ әдіспен жұмыс істейтін ыспалаушы

101. Электродшы

102. Электрогазбен дәнекерлеуші

103. Лифтілерді жөндеу және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын лифт электромеханигі

2-бөлім. Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормалары

Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер (адамдар) (бұдан әрі – жасөспірімдер) салмағы 4,1 килограмнан асатын жүкті тасумен немесе қозғалтумен ғана айналысатын жұмыстарға тағайындалмайды.

Жасөспірімдердің төменде көрсетілген нормалар шегіндегі жүкті тасуына және қозғалтуына, бұл жасөспірімнің тұрақты кәсіби жұмысымен байланысты болғанда және жұмыс уақытының үштен бірінен артығын алмайтын жағдайларда ғана жол беріледі.

Р/с №	Жұмыстың сипаты	Жүктің шекті салмағы
1	2	3
1.	Жүкті тасу: 1) 16-дан 18 жасқа дейінгі еркек жынысты жасөспірімдер үшін	16,4 килограмм
	2) 16-дан 18 жасқа дейінгі әйел жынысты жасөспірімдер үшін	8,2 килограмм
2.	Жүкті рельспен қозғалатын вагонеткалармен қозғалту: 1) 16-дан 18 жасқа дейінгі еркек жынысты жасөспірімдер үшін	492 килограмм
	2) 16-дан 18 жасқа дейінгі әйел жынысты жасөспірімдер үшін	328 килограмм

Ескертпе.

Тасылатын және қозғалтатын жүктің салмағына ыдыстың, буманың және жабдықтың салмағы қосылады.

Әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.12.2021 № 464 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Жұмыстың сипаты	Жүктің шекті салмағы
1	2	3
1.	Ауыр заттарды қолмен көтеру және жылжытуды (біржолғы) басқа жұмыспен кезектестіру (бір сағатта 2 ретке дейін)	1 0 килограмм
2.	Жұмыс ауысымы бойы үнемі ауыр заттарды қолмен көтеру және жылжыту (біржолғы)	7 килограмм
3.	Жүкті 1-ден 5 метрге дейінгі қашықтыққа жылжыту кезіндегі жұмыс ауысымының әр сағат сайын орындалатын серпінді жұмыс мөлшері:	
	жұмыс орнының үстінен	1 7 5 0 килограмм/ метр
	еденнен аспауға тиіс	8 7 5 килограмм/ метр

Ескертпе:

1. Көтеретін және жылжытатын жүктің салмағына ыдыстың және орамының салмағы кіреді.

2. Арбамен немесе контейнермен жүкті жылжытқан кезде қоса жұмсалатын күш-жігер 10 килограмнан аспауға тиіс.